

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын,
ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 15 қарашадағы № 402 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 29 қарашада № 4280 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 10 ақпандағы № 76 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Арыс қаласы әкімдігінің 10.02.2020 № 76 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес, Арыс қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулыға 1-қосымшаға;

2) ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Арыс қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 26 сәуірдегі № 112 "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4093 тіркелген, 2017 жылғы 20 мамырда "Арыс ақиқаты" газетінде және 2017 жылғы 23 мамырда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Арыс қаласы "Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс

тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Арыс қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Арыс қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Р.Айтбаевқа жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

М.Қадырбек

Арыс қаласы әкімдігінің
2017 жылғы 15 қарашадағы
№ 402 қаулысына 1-қосымша

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

Мектепке дейінгі мекемелердегі орын саны	Оның ішінде	
	республикалық бюджет есебінен	жергілікті бюджет есебінен
3860	3224	636

Арыс қаласы әкімдігінің
2017 жылғы 15 қарашадағы
№ 402 қаулысына 2-қосымша

Ата-ана төлемақысының мөлшері

Барлығы :	Күніне бір баланың шығыны, 3 жасқа дейін теңге (көп емес)	Күніне бір баланың шығыны, 3 жастан 7 жасқа дейін теңге (көп емес)
	325	372

Ескертпе: 1 күніне бір балаға жас ерекшелігіне қарай кететін шығын. Нақты жұмыс күніне есептелген.